

Уран өнімінің экспорты туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 120 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы
N 778 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.28 N 778
Қаулысымен.**

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037

R971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ) ластанған төмен байытылған уранды сатуға және сатып алуға "Қазатомөнеркәсіп" АҚ, "Үлбі металлургия зауыты" АҚ, "НЬЮКЕМ Ньюклеа, ГмбХ" және "НЬЮКЕМ, Инк." компаниялары арасындағы 1997 жылғы 30 мамырдағы келісім-шарттың ережелеріне сәйкес "RWE NUKEM, Inc." (Америка Құрама Штаттары, Коннектикут, Стэмфорд) және "RWE NUKEM GmbH" (Германия Федеративтік Республикасы, Альценау) компанияларына 235 уран бойынша 4,4%-ға дейін байыту арқылы уран гексафториді түріндегі уран өнімін (СЭҚ ТН коды 2844 20 290) Қазақстан Республикасынан 145731,955 кг U мөлшерінде экспорттауға р ұ қ с а т е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ-қа осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімінің экспортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК